

## "Қазтеміржолжабдықтау" Қазақ мемлекеттік кәсіпорын "Жолаушылар вагонын сатып алу" жобасы бойынша герман несиесін қайта ресімдеу

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 3 маусымдағы N 512

"Қазтеміржолжабдықтау" Қазақ мемлекеттік кәсіпорын мен "Вагонбау Аммендорф ГМБХ" фирмасы арасындағы темір жол көлігі үшін вагондар беру жөнінде жасалған келісім-шарттарға сәйкес неміс несие беруші банктері берген несиені өтеу жөніндегі міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің "Қазақстан темір жолы" республикалық мемлекеттік кәсіпорын герман несие желісі шеңберіндегі "Қазақстан Республикасының темір жол көлігі үшін вагондар сатып алу" жобасы бойынша міндеттемелерді орындау жөніндегі түпкілікті заемшы деп белгілеу туралы Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігімен келісілген ұсынысына келісім берілсін.

2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкі:

"Қазақстан темір жолы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнымен

герман несиесін өтеу жөніндегі міндеттемелерді орындау туралы  
келісім жасассын;

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен агенттік келісім жасассын және несиеге қызмет көрсету жөніндегі агент-банктің функцияларының орындалуын қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі аталған несиенің уақтылы өтелуін бақылауды қамтамасыз етсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК